

**«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті»
КеАҚ 8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»
мамандығының докторанты Жумабаев Нурдаулет Нарбекулының
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін
«*Morus alba* L. негізінде емдік-профилактикалық мақсаттағы
өнімді алу және өндіріс тұжырымдамасын әзірлеу» тақырыбына
дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі,
PhD, қауымдастырылған профессор
Жакипбеков Кайрат Сапархановичтың
ПІКІРІ**

Жумабаев Нурдаулет Нарбекулы 2020 жылдан 2023 жылға дейін КЕАҚ «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде» PhD-докторантурада 8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша оқыды. Оқу кезеңінде докторант жоғарыда аталған мамандық бойынша іргелі оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу дайындығын қамтитын білім беру бағдарламасын толық меңгерді. Білім беру бағдарламасын меңгеру барысында докторант базалық және бейіндік пәндер бойынша терең іргелі білімін көрсетті.

Докторант Жумабаев Нурдаулет Нарбекулы өз ғылыми зерттеуін жоғары деңгейде орындады. Жұмыстың өзектілігі табиғи шикізаттарды, соның ішінде *Morus alba* L. өсімдігінен алынған биологиялық белсенді қосылыстарды зерттеу арқылы емдік-профилактикалық өнімдерді әзірлеу мәселелерімен тығыз байланысты. Бұл зерттеу Қазақстанда фармацевтикалық өндірісті дамытуға, халық денсаулығын жақсартуға және экологиялық тұрғыдан қауіпсіз өнімдер жасауға өз үлесін қосады.

Диссертация барысында докторант ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін меңгеріп, эксперименттік жұмыстарды жүйелі түрде жүргізе білді. *In vitro* және *in vivo* зерттеулерінің нәтижелері ғылыми тұрғыдан негізделген, ал алынған мәліметтер халықаралық талаптарға сай талданып, интерпретацияланған. Сонымен қатар, докторант ғылыми мақалалар жариялау арқылы өз зерттеу нәтижелерін ғылыми қауымдастық назарына ұсынды.

Жумабаев Нурдаулет Нарбекулы диссертациялық зерттеуін орындау барысында өзіне қойылған ғылыми мақсаттар мен міндеттерді толық көлемде жүзеге асырды. Ол ғылыми ізденіске қабілетті, жауапкершілігі жоғары, зерттеу жүргізуде үлкен қызығушылық танытатын ізденімпаз ғалым ретінде өзін көрсетті.

Диссертациялық жұмыстың эксперименттік бөлімін Нурдаулет Нарбекулы КЕАҚ С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Ыстанбұлдағы медицина ғылым университеті, (Ыстанбұл қ., Түркия), ЖШС «Ardo Fito» базасында, Алматы (Қазақстан Республикасы) жасады.

13.03.2023 ж. - 13.04.2023 ж. аралығында докторант Жумабаев Н.Н. шет елдік ғылыми тағылымдаманы Түркия елі, Ыстамбұл қаласындағы Медицина ғылым университетінде өтті.

Зерттеу нәтижелері бойынша - 14 ғылыми жұмыс басылды, оның ішінде: Scopus және Web of Science Core Collection дерекқорына кіретін халықаралық ғылыми журналда - 2 мақала, ҚР Ғылым және Жоғары Білім министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда - 4 мақала, Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы тезистер мен мақалалар - 3, пайдалы модельге патент - 2, Derwent Innovations Index (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына енгізілген шетелдік патент - 2, авторлық куәлік - 1.

Ғылыми жетекші ретінде өз пікірімді қорытындылай келе, ізденуші әріптестер арасында құрметке ие екенін, барлық жүктелген міндеттерді адал және жауапкершілікпен орындағанын және аяқталған ғылыми-практикалық жұмыс болып табылатын диссертациялық жұмыстың мақсатына жеткенін және диссертация ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келетінін атап өткім келеді.

Осыған байланысты, Жумабаев Н.Н. «*Morus alba* L. негізінде емдік-профилактикалық мақсаттағы өнімді алу және өндіріс тұжырымдамасын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D07201 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші


«С.Ж. Асфендияров атынд. ҚазҰМУ» КЕАҚ,

«Фармацияның ұйымдастырылуы,

басқарылуы және экономикасы және

клиникалық фармация» кафедрасының

меңгерушісі, PhD, қауымд. профессор



К.С. Жакипбеков

2025 ж.